

3. Дайрабай Т. Торғай датқадан Мұстафа Шоқайға дейін... // Түркістан. — 2011. — 26 мамыр. — 7-б.
4. Кішібеков Д., Кішібеков Т. Мұстафа Шоқай кім еді? // Ақиқат. — 2011. — № 2. — 29-б.
5. Әлібеков Ә. Мұзарт // Егемен Қазақстан. — 25 тамыз. — 2004. — 8-б.
6. Баймұрат А. Мұстафа Шоқайдың балалық шағы және баспасөз саласындағы қызметі // Қазақ. — 2010. — № 32–33 (493–494). — 6–13 тамыз. — 7-б.
7. Аққұлұлы С.Х. Санкт-Петербургте Мұстафа Шоқай туралы жаңа құжаттар табылды // Қазақ. — 2009. — № 50–51 (459–460). — 11–18 желт. — 10-б.
8. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. — Т. 6 / Бас ред. Б.Аяған. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2004. — 696 б.
9. Тогысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар: Танымдық-көпшілік басылым. — Алматы: Алматыкітап, 2006. — 68-б.
10. Қойгелдиев М., Нусіпхан А. Мұстафа Шоқай және Түркістан / М.Шоқай. Таңдамалы. — Т. 1. — Алматы: Қайнар, 1998. — 13-б.
11. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы: Оқулық. — Алматы: Алматыкітап, 2007. — 264 б.
12. Қыдырәлі Д. Мұстафа көтерілген шың // Жалын. — 2004. — № 8. — 74–85-б.
13. Қыдырәлі Д. Мұстафа Шоқайдың мұғажырлық мұраты // Жұлдыз. — 2003. — № 4. — 184–193-б.
14. Әли Ф. Тайыр Шағатай деген кім? // Жас Алаш. — 2010. — № 65. — 17 тамыз. — 5-б.
15. Шоқай М. Таңдамалы. — Т. 1. — Алматы: Қайнар, 1998. — 512 б.
16. Шоқай М. Түркістан жастарына // Ақ Орда. — 1993. — № 18. — 81-б.
17. Исхаков С. «Біз тілеген «орыс революциясы» бізді қапыда қалдырды» деген Мұстафа Шоқайдың саяси көзқарасы жайында // Түркістан. — 5 тамыз. — 2010.

ӘОЖ 821:003.075

## Мұстафа Шоқайдың ғалым-публицист ретіндегі қасиеттері және шоқайтанудың бүгінгі жағдайы

Каренов Р.С.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье отмечается, что Мустафа Чокай является одной из самых знаковых фигур первой половины XX в. не только в политической жизни Казахстана, но и всего тюркского мира. Подчеркивается, что без идеологической предвзятости о Чокае стали говорить только недавно, что ныне его деятельность получает все большее освещение в историографии постсоветского пространства. Анализируется научная, публицистическая деятельность Мустафы, который стал одним из первых политических эмигрантов, отстаивавших интересы тюркских народов. В научных и литературных трудах он писал о своей сокровенной мечте — единстве народов Туркестана. Автор показывает, что Мустафа блестяще справился с отведенной ему историей ролью представителя тюркских народов в Европе, раскрывает современное состояние изучения в нашей стране и за рубежом творческого наследия и научно-просветительской деятельности Мустафы Чокая.

It is noticed that Mustafa Chokaj is one of the most sign figures of first half of XX-th century not only in political life of Kazakhstan, but also all Turkic world. It is underlined that without ideological bias about Chokaj began to speak only recently. It is shown that nowadays its activity receives the increasing illumination in a post-Soviet territory historiography. Scientific, publicistic activity of Mustafy which became one of the first political refugees defending interests of the Turkic people is analyzed. It is proved that in the scientific and literary works he wrote about the secret dream — unity of the people of Turkestan. It is underlined that Mustafa has excellent coped with the history taken away to it a role of the representative of the Turkic people in Europe. The studying current state in our country and abroad a creative heritage and scientifically-educational activity of Mustafy Chokaja reveals.

### *Kіpіcіne*

Шоқайдың тарихи-публицистикалық еңбектері батыс тарихнамасында қоғамдық екі жүйенің қырғи-қабақ соғыс жолына түсе бастаған жағдайында аса маңызды туындылардың қатарында болды. Өзінің жарияланымдарында ол КСРО-дағы ұлттық саясатты аяусыз сынға алды. Сондықтан КСРО-да олар идеологиялық сынға ұшырады.

Шоқай Еуропада халықаралық саясат пен кеңестік Орта Азия мен Қазақстандағы ішкі жағдайдың өзекті мәселелері жөнінде баяндамалар жасап, мақалалар жариялады. Кітаптар шығарды. Көптеген эмиграциялық басылымдарда еңбектері жарық көрді.

Әріптестерінің айтуынша, Мұстафаның сөздері терең ғылыми талдауларымен және философиялық пайымдауларымен, өзгеше ой-түйіндерімен, кейде таңқаларлық қорытындыларымен еуропалық қоғамдастықтың және орыс эмигранттарының арасында үлкен беделге ие болды.

*Шоқайдың шығармашылық ізденістері, тарихи-публицистикалық еңбектері*

Көп саяси тұлғалар, белгілі ғалымдар мен сарапшылардың М.Шоқайұлын Кемаль Ататүрік, Джавахарлал Неру секілді қайраткерлер қатарына қоюында ешбір асыра бағалаушылық жоқ. Мұстафаның қайраткерлік, ұйымдастырушылық қызметі халықаралық сарапшы, көсемсөз майталманы, тарихшы-ғалым ретіндегі қырларымен астасып жатады. Әлемдік өркениет жетістіктерінен нәр алып, оның бітім-болмысына қайнап біткен бұл қасиеттерін бірін-бірінен айырып алып, өз алдына жеке қарау қиынға соғады. Тереңдік пен жан-жақтылық секілді өлшемдер өзара үйлесім тапқан ғалымдық талантының арқасында Мұстафаның шығармашылық ізденістері сан алуан қайнар бұлақтардан бастау алып бір арнаға — өмірлік мұратына айналған «тәуелсіздік идеясы» атты мұхитқа барып құяды [1].

М.Шоқай жеті-сегіз тілді еркін меңгергендіктен, Еуропаның біраз қалаларында баяндамалар жасайды. Көрнекті саяси тұлға, ғұлама ғалым ретінде Ұлыбританияға, Польшаға, тағы басқа елдерге Түркістандағы, Шығыс Түркістан мен Ауғанстандағы жағдай туралы баяндама жасауға шақыртылады. Құжаттарында қазақ қайраткерінің дипломаттық қырын сипаттайтын соны мағлұматтар баршылық. Мұстафаның 1933 жылдың наурыз айында жазысқан хаттарында Ұлыбританияға баратын сапары төңірегіндегі мәселелер көтеріледі. Лондонда ол Корольдік Орталық Азия қоғамында «Түркістандағы Кеңестер саясаты», Корольдік Халықаралық қатынастар институтында «КСРО және Шығыс Түркістан» деген тақырыптарда баяндамалар жасайды. Әлемге танымал ағылшын ғалымдары мен қоғам қайраткерлері мазмұнды сұхбаты үшін М.Шоқайға алғыс айтады. Ағылшын қайраткері Аллен түскі асқа шақырады. Мұндай жоғары құрмет кез келген тұлғаға көрсетіле бермейтін.

Сол уақыттағы АҚШ-тан бастап Батыс Еуропа елдерінің басты басылымдарында Мұстафаның еңбектері жарық көрді. Шоқайдың мақалалары орыс, түрік, француз және ағылшын тілдерінде әр түрлі газет-журналдарда жарияланды. Ол орыс тіліндегі шығармаларын босқын орыс лидерлері Керенскийдің «Дини» газеті мен Миллюковтың «Последние новости» газеттерінде жариялады. Француз тіліндегі мақалаларының басым көпшілігі «Прометей» журналында, содан кейін «Ориен е Оксидан» журналында жарық көріп тұрды. Ағылшын тіліндегі мақалалары болса, «Азиятик Ревью» («Эйшатиқ Ревью») секілді журналдарда орын алды.

Мысалы, 1928 жылы ағылшындар М.Шоқайдың «Эйшатиқ Ревью» журналында жарияланған «Түркістандағы басмашылық қозғалысы» деген мақаласымен танысады. Журнал редакциясының мақалаға берген кіріспе сөзінде: «Батыс Еуропадағы бұрынғы орыс империясы мұсылмандарының Кеңес Одағына қарсы ұзақ уақыт бойғы күресіне байланысты маңызды проблема жөнінде ақпарат аз; қазір біз М.Шоқайдың Түркістандағы басмашылар қозғалысы туралы жұмысын жариялауға бақыттымыз. Ол 1917 жылы карашада Түркістан мұсылмандарының Төртінші съезінде автономды Түркістанның Уақытша үкіметінің Президенті болып сайланған, сол себепті тақырыпты жақсы біледі», — делінген [2].

Алаш қозғалысының бастапқы баспасөз органы «Қазақ» газеті болса, коммунистер оны жауып тастаған соң, екінші органы «Яш (Жас) Түркістан» болды. Бұл басылымның алдына қойған міндетін Мұстафа «Біздің жол» деген мақаласында былайша сипаттады: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей, «Жас Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік.

Бұл жаңа бастаған ісімізге тікелей көрсетілетін көмек жоқ дерлік. Алайда біз отанымыздың ұлттық теңдікке ұмтылысынан, жерлестеріміздің рухани көмектерінен нәр аламыз. Сондықтан да біз барлық ауыртпалықтарға қарамастан, осы басылымды шығаруға бел байладық.

Көлемі жағынан шағын болғанымен, «Жас Түркістан» өз мойнына азаттық пен тәуелсіздік туын көтерудегі аса зор міндеттерді алып отыр» [3].

«Жас Түркістан» («Яш Түркістан») журналында М.Шоқай әр тарапты маңызды мәселелерді қозғайтын мақалаларды жариялап отырды. Қайраткердің мұрағаттағы мақалаларында Ресей үкіметінің отарлау саясаты, қоныстандыру барысы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерісі, Алаш қозғалысы, Түркістан мұхтарияты, басмашылар қозғалысы, Кеңес үкіметінің саясаты, ұлт мәселесі, ашаршылық және т.б. көкейкесті мәселелер қозғалды. Оларды тақырып жағынан былайша саралауға болады [4]:

- жер-су, шаруашылыққа байланысты;
- ұлт мәселесіне байланысты;
- большевиктік іс-әрекеттер туралы;
- өзге ел, мемлекеттер жайлы;
- жекелеген адамдар, қайраткерлер жөнінде;
- халықаралық жағдай туралы.

Осы басылымның беттерінде саяси күрестің от-жалынында шыныққан, өмір жолында сан түрлі, сан мінезді саяси қайраткерлермен жолығып, кейде олардың кейбіреулерімен айтысқа да түскен Мұстафа Шоқайдың саяси тұлғалар туралы айтқан ойлары өте маңызды. Мысалы, белгілі «1936 жыл» деген шығармасында ол: «Жалпы ұлттың мүддесін жеке қожалықтар мен жеке топтардың мүддесінен жоғары қоя білген, өзінің белгілі бір түзімге белгілі бір себептермен қалыптасқан қатынасын, оған тәуелділігін жалпы ұлт мүддесі тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзім жолында құрбан ете білген адамдар ғана нағыз ұлттық патриот және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады» [5], — деп, өз ойын түйіндейді.

Оның пайымдауынша, саяси тұлғаға аса қажет қасиет — үміт, сенім, иман тәрізді рухани-моральдық факторлармен бірге ғылыми-техникалық білімнің өзара тығыз бірлігі. Жеңіске жету үшін осы аталған қасиеттермен қатар білім қуаты қажет. Осыларды игеріп қана ұлт азаттығы жолында жұдырықтай жұмылуға болады. Сол сияқты «Біз саяси қайраткерлерді оның ұрандарына қарап емес, іс-қимылдарына қарап бағалаймыз» деген өз сөзіне ұлы күрескердің сонау лицейдегі оқушы және Петербордағы студенттік кездері, одан кейінгі саналы да сан салалы, қиын да күрделі күрескерлік жолы, кейін жат жерде де қайғы мен қасіретті аз тартпаған, алайда бір сәт толастамаған арпалысқа толы жалынды өмірі бұған бұлжартпас дәлел [6].

Мұстафа Шоқайұлының публицистік қызметі уақыт қойып отырған проблеманы сезіп, біліп, оны дәл кезінде көтере білудің шебер үлгісі. Күн тәртібіндегі мәселелерді Мұстафа Шоқайұлы баспасөз бетінде көтеруі, ол мәселелердің төңірегінде қоғамдық пікір туғызып, оған қалың бұқараның назарын аудару жөнінде «Түркістан лениншілдеріне жауап» деген мақаласы дәйекті дәлел бола алады: «Ресейдің және орыстардың «Түркістандағы революциялық басшылығын» мойындау нәтижесінде атамекенімізде көз қарықтыратын сұмдықтар көбеюде.

Төменде біз солардың бірнешеуін көрсетіп өтеміз:

I. Кеңес өкіметі 1925 жылы Лениннің қайтыс болуына бір жыл толғанын еске түсіру рәсімі кезінде Ташкенттегі өзбектерді тізе бүгіп аза тұтуға мәжбүр етті.

Бұрын-соңды отаршылдық тарихында болып көрмеген орыстардың осы озбырлығына қарсы бірдеңе айтуға Түркістандағы бірде-бір лениншілдің батылы жетпеді...

II. Большевиктер Сергиополь (Аягөз), Павлодарда (Кереку) қырғыншылық жүргізді. Түркістан-Сібір темір жолы бойында бірнеше жерде түркістандық жұмысшыларды сойылға жықты.

III. Кеңестердің құрылтайлары мен партия комитеттерінің конференциялары сайын ұлы орыс державалығы ашықтан-ашық дәріптелуде» [7].

Өзінің публицистикалық еңбектерінде Мұстафа большевиктердің өрескел де ерсі іс-қимылдарын әшкерелейді. Коммунистердің Лениннің пайғамбарлығы туралы өздерінің надандықтарының салдарынан айқайлап жүргендіктерін сынайды, келемеж етеді. Әрине, күйзеледі де: «Шығыс халықтарының «азаттығы» үшін жаны ашығансып келген және қазір де жаны ашығансып отырған большевиктер біздің әлсіздігімізді пайдаланып, біраз істерді тындырды. Патшалық Ресейден бөлініп өз алдымен тәуелсіз өмір сүрмек болған Түркістан сынды өлкелерді жылдар бойғы қанды соғыстар арқылы қайтадан Мәскеуге тәуелді етіп, ұлы орыс үстемдігін орнатты. Біздер үшін ең қайғылы осы оқиғаларды большевиктер «орыс емес халықтардың азаттығы», «шығыс камқоры» — орыс ұлтының «адамгершілік міндетін» өтеуі, пайғамбар Лениннің бодан халықтарға істеген «шапағаты» деп атайды. Мәскеу жарапазаншылары он жылдан бері жарыса жақ жаппай осы туралы айтуда. Мектептерде, клубтарда, кинотеатрларда және қызыл аландарда тек осылар хақында бар дауыспен

жар салуда. Кеңестің барлық баспасөзі мен кітаптары он жылдан бері осы «қызыл ақиқатты» халыққа түсіндіріп әлекке түсуде. Осыншама әуреге түссе де мақсаттарына жете алмаған қызыл империалистер орыстың мұндай «адамгершілік міндет өтеуін» қабылдамаған және ұлы көсем Ленин атқарған қызметтердің «шапағатын» түсіне алмаған, өз «азаттығын» көре білмеген біз, түркістандықтардың, татар бауырларымыздың, сондай-ақ украин мен грузин қатарлы тағдырластарымыздың мисыз бастарын коммунистің «балғасымен» жаншып, «орағымен» орып тастап отыр [8] («Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» атты шығармасы).

М.Шоқайдың еңбектерінде неғұрлым жүйелі, дәйекті көтерілген тақырыптың бірі — большевизмнің Түркістанға салған сойқаны мен зорлығының зардабын сынау. «Түркістанда мақта төңірегіндегі күрес» деген мақаласында ол Кеңес үкіметінің Орта Азияны мақта өсіретін аймаққа айналдыру саясатының себебі мен жергілікті халыққа бұдан келетін қиындықтың түрлерін баяндайды: «Астық өндіруді азайту арқылы Кеңес үкіметі Түркістан тұрғындарын өте қиын жағдайға душар етеді. Ресейдің Түркістанда мақта шаруашылығын дамытуға «ең арзан, ең тиімді» болып отырған бұл жоспары біздің атамекеніміз халқына үрейлі апат төндіргелі отыр. Енді Түркістанның шеттен әкелінетін астыққа деген тәуелділігі жыл сайын арта беретін болады... Уақыт озған сайын Түркістанның өз астығы азая береді де, ол ең соңында Ресейге біржола тәуелді күйге түседі. Оның тек шикізат өндіріп беріп қана отыратын отарына айналады» [9].

Мұстафаның қаламынан коммунистердің қоршаған ортаға жасаған қиянаттық әрекеттері тыс қалмаған. «Туркестан под властью Советов» атты шығармасында ол: «...О советском строительстве в Средней Азии я имею материалы, по своей чудовищности далеко оставляющие за собою материалы по ныне разбирающемуся Шахтинскому делу. Я имею в виду дело о ВОДНЫХ УПРАВЛЕНИЯХ СРЕДНЕЙ АЗИИ. Составлялись фантастические миллиардные (3 миллиарда 600 млн рублей!) проекты опереточного строительства, как орошение знаменитых Кара-Кумских песков; мечтали опреснить Гасан-Кулийский залив Каспийского моря. А рядом посеянная пшеница и хлопок погибали от безводья! Проекты эти нужны были только для личного обогащения советских правителей... Как они работали по орошению Туркестана, достаточно назвать только одну цифру: затратив 8 миллионов рублей, г. г. большевистские инженеры оросили всего-навсего 20 (двадцать) гектаров земли!.. А сколько миллионов пущено на ветер!» [10], — деп толғанады.

Өз еңбектерінде Шоқайұлы Түркияда іске асқан Кемал Ататүрік реформаларына аса мұқияттылықпен зейін аударады. Ондағы мақсаты, жаңа Түркияның озық тәжірибесін болашақта кеңестік Түркістанның қайта жаңғыру ісіне пайдалану, қажетіне жарату қамы еді. Осы ұстанымда болған М.Шоқай 1939 жылы «Ататүріктің реформалары» атты мақаласында: «...Ұлтты құтқару күресі сыртқы жауды жеңіп, туған жерін азат етумен ғана шектелмейді. Ұлтты көтеру көбіне-көп ішкі реформаларға байланысты болатын да, реформаның қарқыны ұлттың бойындағы дерт-дербездің қандайлығына тәуелді еді. Мемлекетті қасіретке душар еткен дерт-дербезден құтқаруға бекем бел байлаған адам кез келген кедергіні жеңуі, алға қойған мақсатқа қарай батыл қадамдар жасауға тиіс. Ұлт үшін азаттық пен тәуелсіздіктен артық тағы қандай қасиетті нәрсе болмақ?» [11], — деп жазды.

Ататүрік реформаларының сәтті жүруін және нәтижелі аяқталуын немен байланыстыруға болады? Ататүрік реформалары әлемдік қауымдастық мойындағанындай, Түркияның «қадір-қасиетінің даңқын қайта көтерді. Ататүрік бастап, ұлттың отаншыл саяси тобы және озық ойлы түрік зиялыларының қолдауына сүйенген бұл реформаның жемісті аяқталуы ең алдымен «көзге көріне бермейтін, әдет-ғұрып, салт-сана, ұғым мен танымға орнығып қалған» «жауды» жеңе алуында еді. Басқаша айтқанда, «кемшіліктерін, жаман, жат қылықтарын» көре алған және олардан саналы түрде бас тарта білген ұлт қана жаңа сапаға көтеріле алады.

М.Шоқай дәл атап көрсеткеніндей, Ататүрік реформаларының сәтті аяқталуы Батыс өркениетінің озық үлгілерінің жергілікті жағдайға үйлесімді қолданыс табуында еді. Осы батыс білімін «шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды [12].

Туған елінен жырақта болған Мұстафа Шоқай ел еркіндігін аңсады. Ол ұлт тағдырын, оның келешегін жастармен, олардың білім танымымен байланыстырды. Жастарға үлкен үміт артқан Шоқайұлы өз журналында атақты ақындардың әдеби мұраларын жариялап, жастардың жүрегіне ұлттық құндылықтар тәлімін сіңіруге тырысты. «Түркістан ақындарынан» атты мақаласында: «Біз «Яш Түркістан» беттерінде Түркістан ақындарының кейбір үлгілі шығармаларын жариялап тұратын боламыз. Осы алғашқы санда қазақтың атақты ақыны Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» атты өлеңі мен өзбектің атақты ақыны Шолпанның «Жапырақтар» атты өлеңдерін басып отырмыз.

Мағжанның бұл өлеңі 1923-ші жылы Ташкентте «Түркістан мемлекеттік баспасы» басып шығарған «Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері» кітабына енген. «Түркістан» — атамекеніміздің түкпір-түкпірінде жастарымыздың жадында жатталып, аузынан түспей айтылып келе жатқан дұғадай қасиетті өлең» [13], — деп атап, оның толық мәтінін берді. Сөйтіп, «кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиялды» Тұранның ерлеріндей болуға шақырды.

Сонымен, Мұстафа Шоқайдың ақиқат құжаттарға, айқын фактілерге сүйене отырып, философиялық әуенмен, мәнерлі тілмен көркемделген, публицистік формаға сай баяндалған шығармаларының болмысы, міне, осындай. Бірақ, өкінішке орай, XX ғасырдың алғашқы жартысында саяси оқиғаларға байланысты шетелге кетуге мәжбүр болған қазақ қайраткерінің шығармашылық мұрасы оның эмиграцияда болған елдерінде (Франция, Германия, Грузия, Әзербайжан, Түркия т.б.) калып, бір бөлігі жойылып, бір бөлігі ғана бүгінге жеткені белгілі.

#### *Шоқайдың көпке белгісіз жеке қолжазбаларының табылып елге оралуы*

Осы уақытқа дейін де ұлтқа қатысты мәдени мұраларымызды әлемнің әр қиырынан жинап жүрген азаматтар мен ғалымдардың арқасында Мұстафа Шоқайдың шығармашылық мұрағаттарының көшірмелері атажұртқа там-тұмдап болса да оралып жатқаны аян.

Мәселен, соңғы кезде түркі мәдениетін дамытуға, түркі халықтарының бірлігін нығайтуға қатысты ірі жобаларды жүзеге асырған «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы жуырда Түркиядан табылған М.Шоқайұлының түпнұсқа қолжазбаларын Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатына табыстады.

Табылған құжаттардың жалпы саны 100, олар 340 бет материалды құрайды. Бұлардың негізгі бөлігі Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы украин, грузин, әзербайжан, осетин, т.б. халықтардың ірі саяси қайраткерлерімен жазысқан хаттарының түпнұсқасы. Хаттардың жалпы саны — 84, бет саны — 188.

Сондай-ақ құнды жәдігерлердің қатарында оның алты төл мақаласының түпнұсқасы да табылды. Бұларға қосымша эмиграциядағы бөгде авторлар жазған 3 мақала, бір роман және Мұстафаға Түркістан ұлттық орталығы атынан 1940 жылы Стамбулда берілген өкілеттік куәлік, тағы басқа құжаттар бар. Ең маңыздысы — бұлардың бәрі түпнұсқа құжаттар, көпшілігі бұрын-соңды қазақ ғылымында айналыста болмаған мұралар [14].

Асыл арысымыз өзі елге орала алмаса да, көзіндей болып 70 жылдан соң қомақты мұрасының туған еліне оралуы айтарлықтай аса маңызды оқиға.

#### *Шоқайұлының өліміне байланысты түрлі пікірлер*

Өмірінің соңғы кезеңінде Мұстафа тынымсыз еңбек үстінде болады. АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция, Италия, Польша, Румыния, Жапония, Қытай, Мысыр, Ауғанстан, Голландия, Түркия, т.б. елдерден түсіп жатқан хаттарға жауап беру, «Түркістан ұлттық бірлігін», «Яш Түркістан» журналын басқару, мақала жазу, зерттеулер жүргізу, ғылыми конференцияларда баяндамалар жасау, Германияға оқуға келген түркістандық жастарды қамқорлау секілді сан-салалы қызметін саяси топтар мен ұйымдардың жетекшілерімен, қоғам қайраткерлерімен кездесу, олармен пікір алысумен, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының мақсат-мүддесін түсіндірумен ұштастыра жүргізеді.

Шоқайұлының ауыртпалығы да, азабы да мол қысқа ғұмырында өзі дүниеден өтер-өткенінше аузынан тастамай кеткен мұңлы да нұрлы сағаттар, сәттер ұшырасатын. Мұндай сәттің бірі оның қазақтың ұлы әншісі Әміре Қашаубаевпен кездесуі еді. Алғашқы рет олар адал достардың көмегімен жеті қараңғы түнде Мұстафаның пәтерінде кездескен еді. Мұстафа Әміре даусына тәнті болды, ол тыңдаған жоқ, елтіді. Әміре даусының әр иірімін, әр сөзін, тоят алмай, жұта берді. Бұл оның туған жерге деген сағынышы жан-жүрегін қатты сыздатқан сәттер еді. Әмірені тыңдап, ол алпыс екі тамыры иіп, сайын сахарасын, оның жұпар иісін, жазира жазық, шалқар көлін жан-тәнімен сезініп, шерін тарқатты... Мұстафа дүниеде Әміре даусынан асқан әсем де күшті дауыс болған емес деп санайды. Әміренің 1925 жылы Париждегі Бүкілдүниежүзілік әшекейлік өнер көрмесінде ән салуы Еуропаның музыка әлемін дүр сілкіндірген тосын оқиға болды.

Тағдыр Мұстафа Шоқайға 1927 жылы Майндағы Франкфуртта тағы да ілтипат білдіріп, Бүкілдүниежүзілік музыка көрмесінде ән салған Әміремен жүздестіреді. Мұнда алдын ала келген Мұстафа мейманханадан нөмір жалдап, Әміремен екеуі сонда жолығады... Әмірені қауіп-қатерден қорғаштаған Мұстафа Шоқай осы кездесулер құпиясын сездірмей дүниеден өтті.

Мұстафаның қазасына қатысты деректерді салыстырып, елеп-екшей келгенде, оны өздерімен қызметтес болудан бас тартқаны үшін нацистер өз қолымен өлтірді деген бір ғана пікірге тірелесің [15].

1941 жылы шілдеде Парижде тұрып жатқан М.Шоқайды немістер ұстап алып, өз мақсаттарына пайдаланбақ ниетпен Берлинге әкеледі. Мұнда оған радио арқылы түркістандықтарға үн қату ұсынылады. Мұстафа немістердің қолшоқпары ретінде радиодан сөйлеуге бас тартады. Бірақ отандастарымен кездестіруді сұрайды. Ол 1941 жылдың тамыз айынан қарашаның басына дейін бірнеше лагерьлерде ондаған мың түркістандықтармен жүздеседі. Осы жөнінде бұрынғы Грузияның Сыртқы істер министрі А.Чхениели былай деп жазады: «Он лично знал всех корреспондентов и ловко пользовался своей карточкой-правом присутствовать на всех и официальных, и частных собеседованиях с выдающимися политическими деятелями всего мира. Он превзошел все мои ожидания. Из степного азнаури стал настоящим народнонациональным вождем.

Он был очень спокоен и ровен, но сердце у него было горячее, всегда шло на встречу и на помощь своим близким, не задумываясь о своей личной безопасности. Во время Советско-Германской войны в одном из лагерей военнопленных он своей храбростью спас от расстрела нескольких десятков молодых грузин, принятых немцами за евреев и осужденных на расстрел» [16].

Концлагерьлердегі тұтқындардың адам төзгісіз ауыр халін көріп келгеннен кейін: «Гитлер мен Сталиннің кемшілігі көп, олар шын мәнінде залымдар. Мен бұлардың қайсысы күштірек екен деп ойлаймын. Шындығында олардың саясат пен зұлымдықта дәрежелері бірдей» [18; 480], — деп жазды ол.

Соның артынша, яғни 1941 жылдың 27 желтоқсанында, Мұстафа Шоқай «Виктория» ауруханасында әлі күнге дейін сыры ашылмаған жұмбақ жағдайда қайтыс болды.

Бұл жөніндегі ресми анықтамада «сүзектен қайтыс болды» деп көрсетілді. Бірақ жары Мария Шоқай Мұстафаның сүзекпен Түркістанда жүргенде ауырғандығын және оған қарсы иммунитеті болуы тиістігін өз естеліктерінде жазды. Сөйтіп, Алаштың аяулы азаматының қандай жағдайда, не себепті дүниеден өткендігі күні бүгінге дейін жұмбақ күйінде қалып отыр.

Жалпы, Мұстафаның өліміне байланысты түрлі пікірлер бар. Кейбір авторлардың айтуына қарағанда, оның өліміне неміс үкіметінің Шығыс министрі Розенбергтің қатысы бар дейді. Енді біреулер Шоқайдың өлімін НКВД органдарынан көреді. Соңғы болжам бойынша, ол тұтқынға түскен түркістандықтардың шегіп жатқан азабына шыдай алмай өзін-өзі өлім жазасына кескен сияқты. Бірақ бұл болжамдардың қай-қайсысы болса да деректі құжаттармен бекітілмеген.

Мұстафа Шоқай денесі Берлиндегі мұсылман бейітінен мәңгілік орын тапты.

*Тарих ғылымының Шоқайұлы жөнінде  
ғылыми зерттеулер мен танымдық еңбектермен толығуы*

Ұлы тарихи тұлға, ойшыл-демократ М.Шоқайдың бай мұрасы бір ғана Қазақстанда емес, Өзбекстан, Түркіменстан, Ресей, Грузия, Әзербайжан секілді көршілес елдермен қатар Франция, Германия, Түркия, тіпті Америка Құрама Штаттарында шашылып жатыр. Оларды жинау мен жүйелеудің талай уақытты және қаржыны талап ететіні белгілі. Сонымен қатар сол рухани мұраны зерттеу үшін де сол елдердің тілдерін, атап айтқанда, француз, ағылшын, түрік, неміс тілдерін де жете білу қажет. Міне, осы жағдайлар шоқайтанудың әліге дейін неліктен әлеуметтік-мәдени ортаға толықтай шықпай отырғанын аңғартса керек. Кейде осы күңгірттікті пайдаланып, Шоқайдың ұлттық тәуелсіздік жолындағы жүйелі күресіне күдіктене қараушылар да қылаң беріп жатады [17; 6].

Қазір Парижде Мұстафа Шоқайдың саяси мұрағаты бар. Оның жеке мұрағатын «Жаңа Сорбонна — Париж III» университеті жанындағы университетаралық Шығыс тілдері және өркениеті институтының кітапханасына жары Мария Яковлевна Горина 1953 жылы өткізген. Бүгін Шоқайұлының мұрасына қатысты көптеген зерттеулер сол Мария Яковлевна тапсырған құжаттардан алынып отыр.

Мұстафаның өмірлік жары М.Горинаның күстенбес сезім, күлдіремес үмітіне арнап қандай ескерткіш соқсаң да артық емес деп ойлаймыз. Ғазиз жан, аяулы жар эмиграцияда күнкөріс қамымен қандай тауқыметті болсын көтере білген. Парижде бай-бағландарға арнайы тамақ жасап, Берлин көшелерінде бәліш сатып қарын алдар тиын-тебен тапқан.

Ол кісінің тағы бір ерлігі — М.Шоқайды тануға қосқан үлесі. Күйеуі жайлы жазып қалдырған «Менің Мұстафам» [18] деп аталатын естелік кітабының бүгінгі ұрпақ үшін орны тіпті өзгеше десек те болады. Бүкіл өмірін жат елде, жоқшылықтың қыспағында, елі мен халқының тәуелсіздігі жолындағы саяси күресте өткерген Мұстафа Шоқайдың тұлғасын танып-білуде осы жазбаның айтары аз емес.

Парижде Шоқайұлының жеке мұрағаттық қор құрылғанымен ол көп жылдар бойы зерттеушілерге белгісіз болып келген. Мұрағат қоры жөнінде алғашқы мағлұмат кезінде «Яш Түркістан» журналының жауапты хатшысы қызметін атқарған, М.Шоқайдың ең жақын серіктерінің бірі Әбдуқап Оқтайдың «Милли Түркістан» деген эмигранттық журналында жарық көрген «Мұстафа Шоқайдың мұрағаты мен кітаптары» деген мақаласында берілген. Ширек ғасырдан кейін ғана осы мақаланы ұшырастырған Нью-Орлеан университетінің (АҚШ) профессоры Э.Лазерини М.Шоқайдың мұрағаттық қорын толық жүйелеп, ондағы құнды құжаттар мен деректердің ғылыми айналымға қосылуына жағдай жасаған. Бұл жөнінде ғалым Францияның белгілі бір журналында «Мұстафа Шоқай бейдің мұрағаты» деген мақала жариялаған.

М.Шоқай жеке мұрағатын Түркістанда жүргеннің өзінде жинай бастаған. Шетелге кетерде алып шыққан шағын кітапханасында Василий Радловтың кітаптары да болған. Олар кейін Анкара қаласындағы Ұлттық кітапханаға тапсырылған [19].

Еліміздің әйгілі кәсіби саяси элитасының бірі болып табылатын Мұстафа Шоқай туралы тарихи және ғылыми-теориялық зерттеулер Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана басталды.

Әу баста Мұстафа еңбектерінен үзінді газет-журналдарда көрініс тапты. Кейін оның «Түркістанның қилы тағдыры» (1992), «Туркестан под властью Советов» (1993), ал ХХІ ғасыр қарсаңында екі томдық таңдамалы еңбектері (1999) жарық көрді. Сонымен қатар оның өміріне, қызметіне байланысты Алматы, Қызылорда және басқа шаһарларда ғылыми-тәжірибелік конференциялар, басқа да әр түрлі игі шаралар өткізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында көптеген авторлардың зерттеу мақалалары жүйелі түрде жариялана бастады. Мұның соңы Әмірхан Бәкіровтың, Бақыт Садықованың және басқа шоқайтанушылардың сараптап жазған зерттеу кітаптарына ұласты.

2001 жылы еліміз егемендігінің он жылдығы тойланып жатқан күндері бүкіл түркі әлеміне мәшһүр қайраткердің алты мың парақтан астам мұрағаттық қоры Франциядан өз Отанына оралды... Бірақ, әрине, түпнұсқалары емес, көшірмелері. Онда да мемлекетаралық мәмле, келіссөздер арқылы ғана қол жеткізілген дүние.

М.Шоқай туралы бізге беймәлім көптеген шындықтардың бетін ашқан — туркиялық қандасымыз Әбдуқап Қараның ұзақ жылдық «Түркістан жалыны. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен күресі» деген көлемді еңбегі. 2002 жылы Стамбулда түрік тілінде жарық көрген бұл кітап, Шоқайдың сонау Петербургтағы студенттік кезінен бастап өмірінің ақырына дейін еліне жасаған сан алуан қоғамдық-саяси қызметтерін құнды деректер негізінде баяндаған. Шоқай туралы зерттеулердің алғашқысы болған бұл еңбекте Шоқайдың Қазақстанда «халық жауынан» халық батыры болып аталуына дейінгі қандай күрделі де қайшылықты процестің жүргенін де анықтаған. Тек қазақтың емес, бүкіл түркі әлемінің ұлы тұлғасы және ойшылы деп есептелген Шоқайды осылайша зерттеген кітапты Түркия Жазушылар одағы 2002 жылы өмірбаян саласындағы бірінші жүлдеге лайықты деп тапқан [17; 6].

Соңғы жылдары ұлы тұлғаның өмірі мен қызметі жөнінде жарық көріп жатқан басылым біраз. Бірақ солардың ішінде нақтылы деректерге сүйеніп жазылған ойлы еңбектер саусақпен санарлық.

Солардың бірі — Д.Қыдырәлиевтің 2007 жылы «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Мұстафа Шоқай» деген зерттеуі. Автор 1998 жылы Эгей университетінде профессор Исмаил Ақаның жетекшілігімен «Мұстафа Шоқай. Өмірі, қызметі және дүниетанымы» деген тақырып бойынша диссертация қорғап, 2001 жылы оның негізінде монография жариялаған. Сондықтан ғалымның толыққанды еңбегі әбден иі қанған зерттеу болып шыққан. Бұл шоқайтануға қосылған елеулі үлес [20; 9].

Кітаптың алғашқы тарауларында жан-жақты суреттелген Мұстафа Шоқайдың Түркістандағы азаттық күресі Кеңес үкіметіне қарсы Еуропада жүргізген күреске ұласады. Автор «Үш бағытта өрбіген майдан» деп аталған бөлімде шетелдерде басылған, қазақ оқырманына әлі жетпеген тың деректерге сүйене отырып, большевиктер үкімет басына келгеннен кейінгі Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысына, Мұстафа Шоқайдың және басқа саяси қайраткерлердің іс-әрекетіне талдау жасаған. Осы бөлімдегі автордың ойларынан Қазақстан және Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалысының кенестік кезеңін зерттеудің жаңа нысандарын байқаймыз.

Кітапта Қазақстанда мүлде зерттелмеген тақырып — Еуропадағы эмигранттардың іс-әрекетін бір орталыққа шоғырландырған «Прометей» ұйымының қызметіне талдау жасалған. Автордың бұл ұйымның Польша үкіметінің көмегіне сүйену себебін Польшаның «Ресейдің отар елдерімен

тағдырлас болуымен» және эмигранттардың «терезесі тең дәрежеде қатынасатын одақтас іздеуімен» түсіндіруі де орынды. Осы зерттеудің тағы бір айрықша назар аударатын жетістігі — Шоқайдың шетелдегі саяси қызметі мен ұстанымының қазақ елінің ішіндегі ұлттық қайраткерлердің тоталитарлық жүйеге қарсы күресімен сабақтас екендігі туралы идея.

2008 жылы Алматыдағы «Дайк-Пресс» баспасынан белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан тарихы шетелдік тарихнамасын зерттеудің негізін қалаушы, шоқайтанушы Көшім Лекерұлы Есмағамбетовтың «Әлем таныған тұлға (М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы)» атты еңбегі жарық көрді.

Зерттеуші «М.Шоқай дүниетанымының қалыптасуы», «Бостандық үшін күрес жолында», «Түркістаннан Парижге», «Ұлттық қозғалыстың ұйымдық негіздерін қалау», «Ұлттық қозғалыстың стратегиясы мен тактикасын айқындау», «М.Шоқай — халықаралық сарапшы және тарихшы», «Соңғы күндері» атты жеті тараудан тұратын туындысын жазуда М.Шоқайдың Франциядағы жеке мұрағаттық қоры, Ресей, Өзбекстан, Қазақстан, Германия, Түркия, т.б. елдердің мұрағат материалдары және қазақ, орыс, ағылшын, француз, неміс, түрік, поляк тілдерінде жарық көрген еңбектер сияқты бай дереккөздерін негізге алған.

Автор М.Шоқайдың ұлтжанды қайраткер ретінде қалыптасуында патша үкіметінің орыстан өзге халықтар жөнінде жүргізіп отырған отарлық саясаты үлкен рөл атқарғандығын атап өткен. Атамекенінен ұзақ жылдар жырақта жүрсе де, өз халқымен рухани байланысын үзбей, баспа беттерінде большевиктерге қарсы дамылсыз күрес жүргізген Мұстафаның Ресей бодандығындағы түрік халықтарының ғасырлар бойғы ұлт-азаттық қозғалысын жаңа сатыға көтеруі, оның ұйымдық негіздерін қалауы, мақсат-міндеттері, стратегиясы мен тактикасы кеңінен талданып баяндалған [21–23].

Қазіргі уақытта болашақ зерттеушілердің алдында тарихымыздағы белгілі жеке тұлғалардың әрқайсысының өмірі мен қызметін, көзқарасы мен ой дүниесін әсірелеп, бояп, «ағартып», жақсартпай да, «сүмірейтіп», қараламай да, объективті түрде ғылыми тұрғыдан зерттеу міндеті тұр. Көшім Есмағамбетовтің «Әлем таныған тұлға» атты кітабында бұл міндет ғылыми негізде іске асырылған. Монографияда Шоқай бейнесі жан-жақты сомдалған, ал автордың әрбір сөзі дерекпен дәлелденген, әрбір тараудың соңында сілтемелер берілген, мұрағат құжаттарының көшірмесі мен фотосуреттер ақиқатты айқындай түскен. Осындай ғылыми құндылығы айрықша жоғары, орасан зор көлемдегі жаңа деректерді ғылыми айналымға қосқан монографияның бағасы жоғары әрі құнды екенін айтқымыз келеді.

2009 жылы Мәскеуде «Шетелдегі орыстардың қоғамдық ой-пікірлері: Энциклопедия» атты ғылыми-анықтамалық басылым жарық көрді. Онда Мұстафа Шоқай туралы көлемді мақала басылды. Мақала авторы — Ресей Ғылым академиясы Ресей тарихы институты Ресейдің жаңа тарихын зерттеу және саясаттану орталығының аға ғылыми қызметкері, РФА Ғылыми кеңесінің әлеуметтік реформалар, қозғалыстар мен революциялар тарихы бойынша ғалым-хатшысы, тарих ғылымдарының докторы Салават Мидхатович Исхаков. Ғалым «Мұстафа Шоқайдың 1917 жылғы революция туралы естеліктерінен үзінділерін» орыс тілінде 2001 жылы Токиода, Мәскеуде бастырып, өзі «Мұстафа Шоқай Орта Азиядағы 1917 жылғы революция туралы» деп аталатын көлемді мақала жазды [24].

М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қорының маңызды бөлігі — корреспонденциялар екені белгілі. Олар [19; 18]:

- М.Шоқайдың Түркістан қайраткерлері В.А.Чайкинмен, А.А.Чайкинмен, Убайдолла Қожаевпен, Н.П.Архангельскиймен жазысқан хаттары;
- Шығыс Түркістанда, Ауғанстанда, Жапонияда, Иранда, Сауд Аравиясында, Ұлыбританияда, АҚШ-та, Италияда, Голландияда, Францияда, Германияда тұрып жатқан түрлі саяси, қоғам қайраткерлерінен келген хат-хабарлар;
- эмиграциядағы Әзербайжан, Грузия, Кавказ, Украина, Еділ-Орал өңірі халықтарының жетекшілері А.З.Валиди, Әлимардан Топчибашы, М.Э.Расулзаде, М.Делиль, М.Мұхити, Ә.Оқтай, Т.Шағатай, А.Исхаки, О.Тенерекоғлы, Ж.Сеидамет, Е.П.Гегечкори, С.Г.Мдивани, тағы басқалармен жазысқан хаттары.

Мұстафаның мұраттас, серіктес достарымен жазысқан хаттары Қазақстан мен Орталық Азия тарихын егжей-тегжейлі зерттеудегі айнымас дереккөз болып табылады. Бұл құжаттар қазақ қайраткерінің эмиграциядағы саяси қызметі туралы мол мағлұмат береді. 2009 жылы осы хаттардың көлемді бөлігі екі томдық «Мұстафа Шоқай. Эпистолярлық мұрасы» атты жинақта жарияланды. Ондағы 276 хаттың 268-і алғаш рет жұртшылық назарына ұсынылды.

Хат мазмұндарына қарағанда, аяулы азамат өз Отанынан тыс жерде жүрсе де халқының тағдыры үшін Ауғанстан, Қытай, Үндістан, Мысыр, Түркия, Ресей, т.б. елдерде тұрып жатқан қоғам қайраткерлерімен хабарласып тұрған.

Сондықтан М.Шоқайдың эпистолярлық мұрасы оның жалғыз қазақ халқы емес, бүкіл түрік халықтарының көрнекті қайраткері екендігіне көз жеткізеді. Өмірі мен қызметінің бұрын бимағлұм жақтарын аша түседі.

Сонымен, кейінгі жылдары ұлы қайраткердің қалың мұрасы еліне оралуда, шетелдерден жинастырылуда. М.Шоқай тұлғасы туралы қалыптасқан жаңсақ пікірлер мен бұрмалаушылықтарға тосқауыл қойылуда. Нақты деректер негізінде құнды зерттеу еңбектері жазылуда. Бұл еңбектерде М.Шоқай өмірі, оның эмиграциядағы кезеңі, ол жүргізген ұлттық күрестің әдістері, стратегиясы мен тактикасы, Түркістан Ұлттық бірлігі ұйымы, оның баспа органдары «Иени Түркістан», «Яш Түркістан» журналдарын ұйымдастырудағы нақты қызметі жан-жақты ашылып көрсетілуде.

Өмірі мәнді, өлімі жұмбақ болған ғазиз азамат Мұстафа Шоқайұлының саяси тұлғасы мен еңбектеріне қатысты ғылыми-публицистикалық зерттеулер жазылып, шығармаларының жарық көруі тарих қатпарларынан көп сыр ақтарып жатыр.

Аумалы-төкпелі заман көшінде арманда кеткен асыл арыстың тілегі еліміз егемендік алған тұста ғана құлаққа келді, жүрекке жетті. Кеңес Одағы кезінде қазақ халқын құл қылып бодандықта ұстауға бағытталған мақсаттармен атын айтуға болмаған М.Шоқайдың халық санасынан өшірілуге, өлтірілуге тырысылған тарихи тұлғасын енді тірілтуге жағдай туды.

Мұстафа Шоқайдың өмір жолын, оның еңбектерін саралап, зерттеу ісі тәуелсіздік жылдарында ғана қолға алынды. Демек, бұл бағытта атқарар жұмыс әлі ұшан-теңіз. Сондықтан болар, оның қазақ тарихындағы алатын орнын, өмірбаянын, күрескерлік қызметін, шығармашылығын ойдағыдай насихаттап жүрміз, тиісті дәрежеде ел-жұртқа таныстыра алдық деп әлі айта аламайыз. Көптеген ақтаңдақтардың бетін күні бүгінге дейін дұрыстап аша алмай келеміз. Шоқай туралы, оған қатысы бар деген материалдардың біразында шикі-шалалық, бұрмалаушылыққа жол беріліп жүргендігі де осыдан болса керек.

Мәселен, Ұлттық ғылым академиясы мен оның Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты дайындап, «Қазақстан» баспасынан шыққан «История Казахстана: белые пятна» деген кітапта белгілі тарихшы П.Белан «1942 жылы Берлинде М.Шоқаев пен В.Каюм-хан жетекшілік еткен Түркістан ұлттық комитеті құрылды» дейді де, бірақ «Шоқай оны көп басқарған жоқ» деп жазады. Ал Мұстафа Шоқайдың 1941 жылы 27 желтоқсанда қаза болғанын еске алсақ, өмірде жоқ адам ол ұйымды қалай басқарған [20; 9]?

Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде халқының жарқын келешегі үшін күрес жүргізген тарихи тұлғалар жікке тізіп айта берсек көп. Бірақ әрбір кезеңнің символдық тұлғасы болады. Осы кезеңнің сондай тұлғасы — Мұстафа Шоқай. Сондықтан да болашақта басқа тәуелсіздік қайраткерлердің арасында М.Шоқайұлына ерекше орын беріліп, Қазақстанда және басқа әлем елдерінде оны жан-жақты таныстыратын іс-шаралардың өткені дұрыс сияқты.

Осы арада «Жас (Яш) Түркістанның» 117 санында жарияланған Шоқайдың мақалаларын теріп, қазіргі қазақ әдеби тіліне аударған Айтан Нүсіпханның аса қажетті үлкен еңбегін ерекше атап өткен жөн. Оның бәрін Алматыдағы «Қайнар» баспасы 1998–1999 жылдары «Мұстафа Шоқай. Таңдамалы» деген атпен екі том етіп шығарды.

Арада содан бері біраз уақыт өтті. Ол кітаптарды қазір дүкендерден таба алмайсыз. Сондықтан қайта басып шығарса, артық болмас еді. Тіпті, Мұстафа Шоқайды толық түсіну және келер ұрпаққа толық түсіндіру үшін оның барлық мақалалары мен кітаптарын, жақында жаңадан табылған қолжазбаларын жинастырып, мүмкіндігінше толық жинағын шығаруды қолға алатын уақыт та жеткен сияқты.

Қорытып келгенде, М.Шоқайұлы жөнінде айтылатын ойды тез қайырмай, мәселені әлі де толық зерттеу қажет. Бұл қайраткердің мұрасын әлі де ғылыми айналымға енгізу керек. Өйткені, бір өкініштісі, Мұстафа Шоқайдың тұлғасын Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхановтар деңгейіне көтере алмай келеміз.

Мұстафаның қайраткерлік болмысын, ұлан-ғайыр мұрасын, бүгінгі күнмен өзектесіп жатқан ой-тұжырымдарын зерттеу, насихаттау, ұлықтау еліміздің егемендігін баянды етуге, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге қызмет етуінде күмән жоқ.

## Әдебиеттер тізімі

1. *Есмағамбетов К.Л.* Әлем таныған қайраткер // Алаш. — 2010. — № 6 (33). — 90–91-б.
2. *Есмағамбетов К.* Герцогиня Атольскаяның салонындағы қазақтар жайлы әңгіме // Егемен Қазақстан. — 2010. — 26 мамыр. — 9-б.
3. *Шоқай М.* Біздің жол / Таңдамалы. — 1-т. — Алматы: Қайнар, 1998. — 32-б.
4. *Байтанасова Қ.* Алаш тұлғаларының көзқарасындағы үндестік // Қазақ. — 2010. — № 49–51 (510–512). — 3–17 желт. — 4-б.
5. *Шоқай М.* 1936 жыл / Таңдамалы. — 2-т. — Алматы: Қайнар, 1999. — 7-б.
6. *Бәкір Ә.* Мұстафа Шоқай: «Біз құл болып тұра алмаймыз» // Түркістан. — 2008. — 1 мамыр. — 6-б.
7. *Шоқай М.* Түркістан лениншілдеріне жауап / Таңдамалы. — 1-т. — Алматы: Қайнар, 1998. — 80-б.
8. *Шоқай М.* Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық / Таңдамалы. — 1-т. — Алматы: Қайнар, 1998. — 57-б.
9. *Шоқай М.* Түркістанда мақта төңірегіндегі күрес / Таңдамалы. — 1-т. — Алматы: Қайнар, 1998. — 36–37-б.
10. *Чокай-оглы М.* Туркестан под властью Советов: Статьи, воспоминания. — Алма-Ата: Айқап, 1993. — С. 73.
11. *Шоқай М.* Атаүріктің реформалары / Таңдамалы. — 2-т. — Алматы: Қайнар, 1999. — 208-б.
12. *Қойгелді М.* Сыны мен сыры үйлесімді Түркия // Егемен Қазақстан. — 2006. — 4 қараша. — 4-б.
13. *Шоқай М.* Түркістан ақындарынан / Таңдамалы. — 1-т. — Алматы: Қайнар, 1998. — 42-б.
14. *Есали А.* Жоғалмай жеткен жәдігер // Егемен Қазақстан. — 2010. — 9 шілде. — 10-б.
15. *Әлімжанов Ә.* Мұстафа Шоқай!... Ол кім?! // Саясат — Политика. — 1996. — № 7. — 92-б.
16. Мұстафа мен Мағжан — Тұран елінің даналары. — Алматы: Картографиялық кәсіпорны, 1993. — 9-б.
17. *Нысанбаев Ә., Мұсабаева А.* Мұстафа Шоқай — тәуелсіздік жаршысы // Қазақ әдебиеті. — 2003. — № 45 (2831). — 14 қараша.
18. *Шоқай Мария.* Менің Мұстафам / М.Шоқай. Таңдамалы. — 2-т. — Алматы: Қайнар, 1999. — 389–513-б.
19. *Есмағамбетов К.* Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы // Қазақ тарихы. — 2007. — № 5.
20. *Кәкен А.* Ақиқат жаршысы: Дархан Қыдырәлиевтің «Мұстафа Шоқай» кітабы туралы // Түркістан. — 2010. — 10 сәуір. — 9-б.
21. *Көкебаева Г.* Нар тұлға: саясаткер, ғалым, азамат // Егемен Қазақстан. — 2009. — 25 ақп. — 13-б.
22. Мұстафа Шоқайдың қайраткерлік болмысы мен шығармашылығы туралы еңбек // Алаш. — 2009. — № 2 (23). — 148–149-б.
23. *Мұхтар Ә.* Шоқайтануға қосылған сүбелі еңбек // Қазақ тарихы. — 2009. — № 3 (96). — 19–20-б.
24. *Исхаков С.* «Біз тілеген «Орыс революциясы» бізді қапыда қалдырды» // Түркістан. — 2010. — 5 тамыз. — 4-б.